

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы



**МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Ақтөбе - 2022 ж.

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе қаласы

01 ақпан 2022 жыл

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасында өзін - өзі бағалау өткізілді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №41 «Назерке» бөбекжай–балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы мен нақты орналасқан мекен-жайы).

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Алтынсарин көшесі, 20 үй.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасының байланыс телефоны:

7 7058180837; 21-16-56, электронный почтасы «ded_sad41@mail.ru», «det_sad.41» - «Instagram» парақшасындағы жазылушы саны -986, 2019 жылдың қараша айынан 2022 жылдың 01 наурызға дейін 1625 жариялым жасалған. <http://nazerke-aktobe.testim./kz/kz> веб-сайты, «Facebook», «Telegram» әлеуметтік желілеріне

тіркеліп жұмыс түрлері жүргізілді.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә. қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2022 жылғы 06 қаңтар «Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімімен» берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 27.04.2011 жыл , БСН-980240001265.

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жарғысына Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №390 қаулысымен «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№41 « Назерке»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып атауына өзгерістер енгізіліп, қайта бекітілді.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2011жылғы 27 сәуірдегі №KZ15XXX00796206 берілген хабарлама.

Өзін-өзі бағалау туралы мәлімет

Әдістемелік ұсынымдардың 12- тармағына сәйкес өзін - өзі бағалауды өткізу туралы № 41 « Назерке » бөбекжай- балабақшасының 2022 жылғы 01 ақпан № 4 бұйрығы бекітілген, өзін-өзі бағалауды жүргізу комиссиясының құрамы талапқа сай 5 педагог енгізілген. Комиссия төрағасы бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1)Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес №41 « Назерке » бөбекжай - балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 240 орын. 9 топ. Қазіргі таңда 229 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады және күнің бірінші жартысында дәрумендер беріледі. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті **Balabagsha.akt.kz** сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

2020 - 2021 оқу жылында оқу жоспары Қазақстан Республикасының Үкіметінің 31.10.2018 жылы №604 бұйрығымен (05.05.2020ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 20.12.2012 жылы №557 бұйрығы (12.05.2020 ж №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 1,2, - қосымшалары «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 13.08.2020 ж №345 бұйрығы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық топтарында

ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

1 – қосымшаны негізге ала отырып құрылды.

№ 41 « Назерке» мектепке дейінгі ұйымында 9 топ жұмыс жасайды. Олар:

Ортаңғы (3 жас) – 2 топ

Ересектер (4 жас) – 2 топ

Мектепалды даярлық тобы (5 жас) – 2 топ

Арнайы ортаңғы - 1 топ

Арнайы ересек – 1 топ

2021-2022 оқу жылында оқу жоспары Қазақстан Республикасының Үкіметінің 31.10.2018 жылы № 604 бұйрығымен (05.05.2020ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 20.12.2012 жылы №557 бұйрығы (12.05.2020 ж №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 1,2, - қосымшалары «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 13.08.2020 ж №345 бұйрығы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық топтарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

1 – қосымшаны негізге ала отырып құрылды.

Ортаңғы (3 жас) – 2 топ

Ересектер (4 жас) – 2 топ

Мектепалды даярлық тобы (5 жас) – 2 топ

Арнайы ортаңғы - 1 топ

Арнайы ересек – 1 топ

№41 « Назерке» мектепке дейінгі ұйымында 9 топ жұмыс жасайды.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.


2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарының перспективалық жоспарлары және циклограммалары педагогикалық кеңесте талқыланып, басшылықпен бекітілді.

Перспективалық жоспарында балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындау талапқа сай қарастырылды. Қимыл, коммуникативтік ,танымдық ,шығармашылық ,әлеуметтік білім, білік дағдыларын ,өз бетінше үйрену дағдыларын,сонымен бірге аталған білім,білік ,дағдыларды ерте жастағы балаларды қалыптастыру мақсатында 2020-2021 ,2021-2022 оқу жылдарында 4 К моделі бойынша перспектива құрылып,циклограмма жазылуда, ҰОҚ-де педагогтің жетекшілігімен ойын,құрылымдалған ойын, еркін ойындар кіріктіріліп,оқу тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы

бойынша жұмыс жоспарының орындалуы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қыркүйек айында «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы тақырыптық сағаттар, «Мен өз елімнің патриотымын» ашық тәрбие сағаты, «Туған өлкем – алтын бесігім» музыкалық фестивалі өткізілді. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес «Кең байтақ менің Отаным» бұрышын жинақталады, жаңартылады, «ҚР Конституциясы – Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізі» тақырыбында тіл мамандарымен ұйымдастырылған викториналар, дискуссиялар өтеді. «Тәуелсіз елдің бақытты баласымыз», «Тұңғыш Президент күні», «Наурыз – жыл басы», «1-мамыр – Қазақстан халықтарының достық, бірлік мерекесі» ертеңгілік, тақырыптық сағаттары өткізілді. «Арайлы Ақтөбем – туған өлкем!», «Қазақстан – менің туған өлкем» атты сурет көрмелері ұйымдастырылады.



Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

№41 « Назерке» бөбекжай-балабақшасын басқару қызметін А.Г. Уртамбаева атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі - 30 жыл, Осы аталған мекемеде 11 .07.2018 жылдан жұмыс жасауда. Білімі – жоғары: С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті 1992 жыл, мамандығы « Педагог- психолог ».Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Әдіскер – А.Ж.Ахметова № 41 « Назерке » мектепке дейінгі ұйымында 2018 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – жоғары: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институты 2002 жыл, мамандығы: « Педагог -психолог »

Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М. 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – орта арнаулы. Іс қағаздарын жүргізуі талаптарға сай, іс-қағаздар номенклатурасы қалыптастырылған, меңгерушімен бекітіліп, құрылтайшымен келісілген. Осы құжаттар негізінде төмендегі құжаттар қалыптастырылған.

Медбике – Бурханова З.Т. білімі арнаулы орта, Жезқазған медицина училищесі бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 11 жыл.

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Сарсенова Г.С. Білімі – жоғары. Алматы экономика-статистикалық академиясы, 2008ж. №41 « Назерке» бөбекжай-балабақшасында 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасауда. Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

№41 « Назерке» бөбекжай - балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинет, егу бөлмесі, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Психолог кабинеті


№41 « Назерке» бөбекжай-балабақшасында психолог бөлмесі талапқа сай жабдықталған. Балалармен диагностика түрлерін өткізу қолайлы жағдайда. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын жиһаздармен, ойыншықтармен, көрінекіліктермен толықтырылып отырылады.



Музыка залы

Саз бөлмесінің жалпы аумағы 99,1 кв.м. Қабырғада ұзындығы 5 метрлік айналар, шкаф - сөрелер, отырғыштар, үстелдер орналасқан. Музыка сабағын өткізуге арналған күй сандық, сырнай, домбыра аспаптары, ноутбук, дыбыс күшейткіш, микрофон және т.б. музыкалық құралдармен жабдықталған. Балалар шығармашылығына арналған бұрыш, ән – күй, музыка кітаптары, қабырғада қазақтың ұлттық аспаптары туралы көрнекі құралдар ілінген.


Сонымен қатар залда дене шынықтыру сабақтары жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы және дидактикалық ойындарға арналған көрнекі құралдармен жабдықталған. Балалардың қабырғаға өрмелеп шығуына арналған саты баспалдақ, үлкенді – кішілі әр түрлі доптар, скакалалар, обручтар, алуан түрлі шариктер, кубиктер, спорттық сайыстарға арналған әр түрлі кедергі құралдармен толықтырылған. Саз залында №41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өткізілетін ертеңгілік жаттығулар, мерекелік ертеңгілер, семинарлар, ашық сабақтар, спорттық сайыстар өткізіледі.



Логопед маманының кабинеті



Спорт зал



Өзін- өзі тану кабинеті



Медициналық кабинет

Балабақша медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, арнайы кабинет бар. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме толық жабдықталған.

Медициналық кабинет екі бөлмеден тұрады: 1) Медбикелердің жұмыс орыны, 2) Екпе жасау бөлмесі. Бөлмеде 1 мұздатқыш бар. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 1,0 медбике штаты жұмыс жасайды. Медбикенің медициналық арнаулы білімі, медициналық білім қызметіне сертификаты бар.



Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Ас әзірлейтін бөлме - 51,0 ш/м, 2-электроплитамен, 2-пеш, 1-электрліқазан, 3-тоңазтқыш, 1-электрреттартқыш, 1-көкөніс тартқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас үйде 3 аспаз, қоймашы жұмыс жасайды. Өнімдер сертификаттары талапқа сай жинақталған.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығауына көңіл бөледі.


Мектепке дейінгі мекеменің материалдық - техникалық базасы жоғары деңгейді. Әр топтың өз ойын алаңы бар, ойын алаңдары заманауи талапқа сай жабдықталған. Мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

Балабақшадағы балалардың өмір-қауіпсіздігін сақтау мақсатында сыртқы және балабақша топтарына барлығы 25 бейнекамерамен жабдықталды.



Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 4 компьютер, 1 ноутбук, 4 принтер, проектор бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, стеллаж, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген.





Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;

- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.

- Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған. Балабақшада және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге № 41 «Назерке» МДҰ қалалық білім бөлімінің 09.04.2021 жылғы №115 бұйрығына сәйкес келеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар туралы мәлімет.

Қазіргі уақытта №41 «Назерке» бөбекжай балабақшасында барлығы 29 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2021- 2022 оқу жылында барлығы 29 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімдісі – 21 педагог (69%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 17 (53%)

Аяқталмаған жоғары - 1

Арнаулы орта білімдісі – 7 педагог (31%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 8 (25%)

Жоғарғы санатты: - 5 (17%)

Бірінші санатты: - 3 (11%)

Екінші санатты: - 6(21%)

Педагог- зерттеуші: - 1 (3%)

Педагог-модератор: - 5 (17%)

Санаты жоқ: - 9(31%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 24 педагог

Жаңартылған бағдарлама – 3 педагог

Басқа курстар – 6 педагог

Қазіргі таңда №41 «Назерке» мектепке дейінгі ұйымда 18 тәрбиеші, 1 психолог, 2 музыка жетекшісі, 1орыс тілі маманы 2 дене шынықтыру маманы, 3 логопед және әдіскер, меңгеруші жұмыс жасайды.



Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2017-2018	32(100%)	16(76%)	21(66%)	2 (18%)	11 (34 %)	-
2018-2019	32(100%)	8 (47%)	23 (72%)	3 (35 %)	9 (41 %)	-
2019-2020	30(100%)	10(47%)	12 (70%)	5 (29%)	7 (41%)	-
2020-2021	29(100%)	12(57%)	21 (72 %)	6 (75%)	8 (28%)	-

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагог саны	Жоғары	Бірінші	педагог-зерттеуші	педагог - модератор	Екінші	Санаты жоқ
2017-2018	32	5(16%)	7(22%)	0	0	1 (3%)	19(59%)
2018-2019	32	4(13%)	9(28%)	0	0	2 (6%)	17 (53%)
2019-2020	30	6(20%)	7 (23 %)	0	0	9(30%)	8 (27 %)
2020-2021	29	5 (17%)	3(11%)	1(3%)	5(17 %)	6 (21 %)	9 (31%)

Жоғары, бірінші, екінші, педагог- зерттеуші, педагог-модератор санаты бар тәрбиешілердің саны- 29(100 %) Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2017-2018 оқу жылы: 32 педагогтан санаты бар 13 педагог (41%).

2018-2019 оқу жылы: 32 педагогтан санаты бар 15 педагог (47%).

2019-2020 оқу жылы: 30 педагогтан санаты бар 15 педагог (50 %) .

2020-2021 оқу жылы: 29 педагогтан санаты бар 20 педагог(69 %)

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік»	Басқа курстар
-------------	-----------------	--------------	--------------------------	---------------

			орталығы	
2017-2018	32	8	-	2
2018-2019	32	3	-	1
2019-2020	30	5	1	2
2020-2021	29	10	2	2

Өткен оқу жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан 29 (100%) педагог білім жетілдіру курстарынан өтті.

Соңғы 4 жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:

2017-2018 оқу жылында-10 педагог (31 %)

2018-2019 оқу жылында-4 педагог (13%)

2019-2020 оқу жылында-8 педагог (27%)

2020-2021 оқу жылында-14 педагог (48 %)

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және қалалық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОҚ-ін жариялау.

Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

№41 «Назерке» бөбекжай-бақшасында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасында (бұрынғы атауы №49 мектеп-балабақша) ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балаларға жағдай жасалған: балабақша жанынан кеңес беру орны ашылды, мұнда ата-аналар мен балаларға арналған кеңес беру орнының шттатық кестемен логопед, психолог және әлеуметтік педагог жұмыс жасайды.

Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту, ата-аналарға психологиялық, педагогикалық, логопедиялық көмек беріледі.

2021-2022 оқу жылында кеңес беру пунктінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған (ОНР) І.ІІ.ІІІ деңгейлі балалармен, аутизм белгілері бар балалар қабылданды. Кеңес беру пункті қала әкімдігінің 21.12.2009 жылғы №3074 қаулысының І қосымша ережені негізге ала отырып ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі ұйым облыстық, қалалық, семинарлар өткізіп өз іс-тәжірибелерін бөлісіп отырады.

2017-2018 оқу жылында қалалық МДҰ орыс тілі жетекшілеріне арналған қалалық ғылыми-тәжірибелік орталығының басшылығымен № 41 «Назерке» бөбекжайында семинар өткізілді.

2018-2019 оқу жылында МДҰ-ң Бисеналина Д.Н. Исмагулова тәрбиешілерге арналған қалалық көрсетіп, ағылшын мамандары арасында өткізілген қалалық семинарға Давлетова А.Х. қатысты.

2020-2021 оқу жылында МДҰ тәрбиешілер Киялова А.Б. умарова Г.К. Амангосова Р.А. Смагулова Г.И. облыстық семинар өз дәрежесінде өткізді. Сол жылы тәрбиешілер қалалық семинар көрсетті.

2021-2022 оқу жылында әдіскер Ахметова А.Ж., тәрбиешілер Умарова Г.К. Исмагулова Ж.Ж. психолог Айжанова А.К. өз іс-тәжірибелерін бөлісіп қалалық семинар көрсетті. Логопед мамандар Молдағалиева Г.К. және Давлетова А.Х.

2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында өткізілген облыстық, қалалық тамыз кеңестерінің материалдарына 17 педагогтің іс-тәжірибелері туралы мақалалары жарияланды.

Әр оқу жылында бөбекжай педагогтары түрлі тақырыптағы халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жұмыстарын жариялауда.

- «Al-Farabi» республикалық білім қолдау орталығы-5 педагог
- «Рухани жаңғыру» ақпараттық сараптамалық орталығы «Тағылым Республикалық ғылыми- әдістемелік журнал
- Қалалық ғылыми –әдістемелік орталық «Математикалық марафон» қалалық байқау 1 орын -2019 ж
- Республикалық «Өрлеу порталы» - 4 педагог
- «Лэпбук-баланы дамыту мен оқытудағы дидактикалық құрал» қалалық байқау -«Үздік Лэпбук» номинациясы
- «Үздік тәрбиеші олимпиадасы - 2020» республикалық олимп. – 12 педагог
- «Заманауи педагог» респ. байқауы – 1 педагог
- «Үздік педагог олимпиадасы - 2020» республикалық олимп. – 12 педагог
- «Жас талант. kz» республикалық байқауы – 2 педагог
- II халақаралық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық байқау-фестивалі. «Әлем Талант Stars»- 1 педагог
- Халықаралық тәжірибе алмасу конференциялары – 17 педагог
- ««Балабақша әлемі» журналы – 3 педагог
- «Ұстаз тілегі» Республикалық ғылыми- әдістемелік орталық -5 педагог
- «Самғау» журналы -8 мақала
- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу» әдістемелік құрал-2 педагог
- «Ұстаз» оқу-әдістемелік құрал -1 педагог

- «Рухани жаңғыру» ақпараттық сараптамалық орталығы «Тағылым Республикалық ғылыми- әдістемелік журнал – 17 мақала
- «Өнегелі ұстаз» респ.байқауы – 9 педагог
- «Қалалық Тамыз кеңесі» - 10 педагог
- «Облыстық Тамыз кеңесі» - 2 педагог

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

- «Самғау» Республикалық ғылыми- әдістемелік журналының Алғыс хаты 2019 ж.;
- Республикалық байқау – фестиваль ұйымдастырушыларының Алғыс хаттары, Грамоталары 2018ж.;
- Халықаралық байқау – фестиваль ұйымдастырушыларының Алғыс хаттары 2018 ж.;
- «Балбөбек -2018» МДҰ арасындағы өнер байқауы II орын 2018 ж.;
- «Ұлы дала дауысы» I республикалық байқау II орын 2018 ж.;
- «Өнер START» Халықаралық өнер байқауы вокал жанры – II орын 2019ж.;
- «ПОНИ», «Үркер» зияткерлік байқауларынан жүлделі орындар 2018,2019,2020 ж.2021ж.;
- «Жарқыра балапан!» I республикалық байқауы бас жүлде, Кубок және I орын 2018 ж
- Республикалық «Жарқыра, балапан!» сайысы – II орын -2019 ж.
- «Жарқыра,балапан!» «Fox» таланттар -2020 жыл
- «Самғау» Республикалық ғылыми- әдістемелік орталығы Кубок 2020 ж.;
- «Абай оқулары» республ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Күз – мерекем, күз – берекем - 2020» республ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Қыс ғажайыптары» респ.байқауы,– 2020-2021 ж.;
- «Талантты балаға-дарынды ұстаз» республ. байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Золотая осень» респ. байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Қыс ғажайыптары» респ. Байқауы, Кубок – 2020-2021 ж.;
- «Ертегілер әлемі» қалалық байқауы-2020-2021ж
- «Пони», «Үркер» Республикалық IQ зияткерлік балабақша,Кубок -2020 ж
- «Пони», «Үркер» Республикалық IQ зияткерлік балабақша,Кубок -2021 ж
- «Алғашқы қар» республикалық фото сурет және қол өнер байқауы,-2020 ж
- «Көңілді старт» Республикалық жарыс -2019 жыл -2 Кубок
- «Platon» Халықаралық білім дамыту орталығы Кубок-2017 ж
- «Күз - мереке, күз- береке» республикалық көркемсурет байқауы 2019 ж.;
- II облыстық балалар театр фестивалі - III орын кубок -2019 ж.;
- «ЛОГОС» Республикалық «Мен сүйетін әлем» көркемсурет байқауы жүлделі орындар 2018,2019,2020 ж.2021ж.;
- «Өнер START» халықаралық өнер байқауы вокал жанры
- I Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас талант. KZ» байқауы.- I орын



№41 «Назерке» балабақша - бөбекжайының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

№41 « Назерке » бөбекжай-балабақшасының алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;

- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын, шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2017-2018 оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2017-2018 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат, «Кел, балалар ойнайық»-36 сағат;

